

«Әлеуметтік-экономикалық даму және  
2023 жылғы қаңтардағы республикалық  
бюджетті орындау қорытындылары туралы»  
ҚР Үкіметі отырысындағы ҚРҰБ Төрағасының  
орынбасары Б. Шолпанқұловтың баяндамасы  
Астана қ., 2023 жылғы 14 ақпан

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

**Құрметті әріптестер!**

**2023 жылғы қаңтарда** жаһандық нарықтарда экономикалық өсу перспективаларының жақсаруына байланысты оң өзгерістер байқалды.

**2-СЛАЙД. ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСУІНЕ ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРИНЫҢ БОЛЖАМЫ ЖАҚСАРДЫ, ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ТЕ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ**

**Халықаралық Валюта Қоры** әлемдік экономиканың өсу болжамын **2,7%-дан 2,9%-ға дейін** көтерді. Бұл көптеген елде **экономиканың орнықтырақ болуына, логистикалық проблемалардың шешілуіне, карантиндік шектеулер алынғаннан кейін Қытайдың экономикалық белсенділігінің қалпына келуіне** байланысты болады.

Жыл басында әлемдік экономикалық **белсенділік жақсарды**. Қаңтар айында **іскерлік белсенділіктің** жаһандық композиттік **индексі** (global PMI) 2022 жылғы желтоқсан айындағы **48,2-ден 49,8-ге** дейін өсті. Қаңтар айында өндіріс пен жаңа тапсырыстардың төмендеуі соңғы **алты айдағы** ең аз мәнді көрсетті және **тұрақтана бастады. Бизнес өкілдерінің оптимизмі сегіз айлық максимумға** дейін өсті.

**Қазақстанда сегіз ай бойы теріс аймақта болған іскерлік белсенділік жақсара бастады. 2023 жылғы қаңтар айында іскерлік белсенділік индексі 50,7 болып, өсу аймағына көшті. Қызмет көрсету және өндіріс секторында іскерлік белсенділіктің жақсаруы байқалды, онда индекстер 52,1 және 51,3-ке дейін көтерілді.**

Сонымен қатар, жаһандық перспективалар үшін **тәуекелдер балансы** экономиканың төмен қарқынмен өсу және жоғары инфляцияның болу ықтималдығынан жағдайдың нашарлауына қарай ығысқан. Инфляция проблемаларының сақталуына байланысты Халықаралық Валюта Қоры **бюджеттік шығыстардың өсуін** алдын-алуды ескертеді, себебі ол қазіргі жағдайда **инфляцияны одан әрі арттыруы** мүмкін.

**3-СЛАЙД. ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫ АҚЫРЫНДАП ҚАЛПЫНА КЕЛУДЕ**

**Қытайдың** шектеулерді алуынан туындаған **оптимизм** және әлемдік орталық банктердің ақша-кредит саясатын күшейтуінің ертерек аяқталуын күтумен қатар экономикалық **өсу** перспективаларының **жақсаруы инвесторлардың күтулерін жақсартуға** ықпал етті.

2023 жылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша, **дамыған елдердің акциялары (MSCI World) 7,0%-ға өсті, АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі 3,88%-дан 3,51%-ға дейін 37 базистік тармаққа төмендеді. Доллар индексі 1,4%-ға әлсіреді.**

**Инфляция қарқынының қысқаруына қарамастан,**

**орталық банктердің қатаң риторикасы сақталуда.** Бірақ нарықтар 2023 жылдың соңына қарай ақша-кредит саясатының **жеңілдеуін** күтіп отыр.

Алайда, макроэкономикалық деректер **аралас** күйінде қалды. Дамыған елдердегі экономикалық **белсенділік төмен, еңбек нарығындағы** көрсеткіштер жоғары болып қалуда.

**4-СЛАЙД. ИНФЛЯЦИЯ ДИНАМИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНК БОЛЖАМЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ СЦЕНАРИЙІНЕ СӘЙКЕС ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ**

Қазақстанда инфляцияның **айлық** динамикасы 2022 жылғы наурыз айындағы ең жоғары мәнге **(3,7%)** жеткен соң **төмендеп келеді.** Биылғы қаңтарда айлық инфляция біртіндеп **1,1%-ға** дейін төмендеді. Бұған қарамастан, ол орташа жылдық мәннен едәуір асатын деңгейде қалып отыр.

Жылдық мәнде инфляция биылғы жылғы қаңтарда **20,7%-ға** жетті. Жылдық мәнде **25,7%-ға** жеткен **азық-түлік бағасының** өсуі инфляцияның өсуіне көптеп үлес қосып отыр. **Азық-түлікке жатпайтын инфляция** да импорт тауарларының қымбаттауы мен оларға сұраныстың сақталуына байланысты **20,2%-ға** дейін жеделдеді. **Ақылы қызметтердің** инфляциясы **14,2%-ға** жетті.

Логистиканың өзгеруіне, жоғары **инфляциялық** күтулерге, сұранысты **фискалдық** қолдауға және **кредит берудің** ұлғаюына байланысты инфляция өсуін жалғастырып келеді. Сақталып отырған тәуекелдер базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде ұстап тұруды талап етеді.

**5-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТЫ НЫҒАЮЫ**

Биылғы қаңтарда **теңгенің** долларға қатысты **бағамы 1**

доллар үшін **460,52** теңгеге дейін **0,5%-ға нығайды**. Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Биылғы қаңтар айында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **453** млн доллар сомасына валюталық түсімді сатуы және Ұлттық қордан республикалық бюджетке **228** млн доллар мөлшерінде трансферттерді қамтамасыз ету үшін валюта сату теңгеге қолдау көрсетті.

Қысқа мерзімді перспективада теңге динамикасы геосаяси жағдайдың өзгеруіне, ішкі қатысушылардың күтулеріне және әлемдік нарықтардағы жағдайға байланысты болады.

Ұлттық Банк дисбаланстардың жинақталуын болдырмайтын және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстанады.

#### **6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР ДИНАМИКАСЫ**

Жалпы халықаралық резервтер қаңтарда **3,5** млрд долларға ұлғайып, **94,3** млрд долларды құрады.

2023 жылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша, алтын-валюта резервтері валютадағы активтер мен алтын бағасының өсуіне байланысты **36,7** млрд долларға дейін **1,6** млрд долларға артты.

Ұлттық қордың активтері биылғы қаңтарда негізгі әлемдік индекстердің өсуіне байланысты **57,6** млрд долларға дейін **3,4%-ға** немесе **1,9** млрд долларға ұлғайды.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке **235** млрд теңгеге трансферттер бөлу үшін жыл басынан бастап **228**

млн долларға Ұлттық қордың валюталық активтері сатылды. Түсім **197 млрд** теңгені, оның ішінде шетел валютасында **152 млн** долларды құрады.

**7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ**

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері** жыл басынан бастап **224 млрд** теңгеге немесе **1,5%-ға ұлғайып**, қаңтар айының соңында **14,8 трлн** теңгені құрады.

Жыл басынан бастап инвестициялық кіріс көлемі **66,2 млрд** теңге, зейнетақы жарналары – **156,1 млрд** теңге, зейнетақы төлемдері – **21,0 млрд** теңге, мерзімінен бұрын алу сомасы – **11,4 млрд** теңге болды.

**116,1%** жинақталған инфляциямен салыстырғанда зейнетақы активтерінің **жинақталған кірістілігі** шоғырландырылған сәттен бастап **116,9%-ды** құрады.

**Назарларыңызға рақмет!**